

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің "Республикалық клиникалық аурухана" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 17 мамыр N 736

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің шаруашылық жүргізу құқындағы "Республикалық клиникалық аурухана" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы азаматтардың науқастарының алдын алу, диагностика және емдеу жөніндегі медициналық және дәрігерлік қызметті жүзеге асыру болып белгіленсін.

3. Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы орган болып Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен келісім бойынша бір ай мерзімде Кәсіпорынның арнаулы бөлімдерінде және емханасында азаматтардың жекелеген санаттарына медициналық көмек көрсетудің тәртібін әзірлесін және бекітсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі